

Astana 2022

BILIM AINASY

Қазан-Октябрь

*Шымкент қаласы №29 «Ай-Керім»
бөбекжай бақшасы МКҚК меңгерушісі
Сейдалива Карлыгаш Култаевна*



WWW.BILIMAINASY.KZ

Сабденова Гульжайна Кудайбергеновна
Шымкент қаласы
№29 «Ай-Керім» бөбекжай бақшасы МКҚК
тәрбиеші

Мектепке дейінгі балаларды байланыстырып сөйлеуге үйрету әдістері

Бүгінгі таңда еліміздің білім беру жүйесінде оқыту үрдісін тың жаңалықтарға негізделген жаңа мазмұнмен қамтамасыз ету міндеті тұр. Соның бірі – қоғамдық-саяси өмірге белсенді араласуға қабілетті, өзіндік пікірін ауызша және жазба түрде тиянақты, анық, жүйелі жеткізе алатын жеке тұлғаны қалыптастыру.

Мектепке дейінгі балаларды байланыстырып сөйлеуге үйретуде балаларға сөз бен сөз тіркесін білу жеткіліксіз. Олай дейтініміз, баланың өз ойын байланыстырып жазу әрекеті жеке сөз бен сөйлемдерден тұрмайды, ол бір-бірімен логикалық және грамматикалық байланысқа түскен сөйлемдер бірлігі болып табылатын тұтас мәтіннен тұрады.

Жеке тұлғаның байланыстырып сөйлеуін меңгеруі шындықты танумен тығыз байланысты. Адамның дүниені тану жолы екі деңгейде, теориялық және эмперикалық білім көздері болады. Теориялық таным барысында кез келген құбылыс ақыл-ой арқылы ұғынып түсіндірілсе, эмперикалық таным түйсіну, қабылдау, көріп сезу, елестетуге құрылады. Оқыту белгілі бір ұстанымдарға негізделетіні белгілі. Баланы жазбаша байланыстырып сөйлеуге үйретуде теориялық білім беру ұстанымын басшылыққа ала отырып, тұтас бір ойды білдіретін сөйлемдерді байланыстыру жолдарын теориялық мәліметтерге сүйеніп орындау көзделеді. Мәтіннің сөйлемнен айырмашылығы, оның бөліктерге жіктелуі, негізгі ой мен тақырып байланысы, мәтіндегі сөйлемдер байланысы т.б. теориялық білім беру мәтін құрастыру үрдісіндегі ерекше кезең болып табылады. Мәтінді мағыналық, құрылымдық жағынан теориялық талдау тілдік ерекшеліктерді танып білуге септеседі, мәтіннің ақпараттық бағытын түсінуге, мәтіндегі тұтастықты қамтамасыз ететін элементтердің арасындағы байланысты саналы түрде ұғынуға мүмкіндік ашады.

Байланыстыра сөйлеудің түрлері.

Байланыстыра сөйлеудің екі типі, яғни екі түрі бар. Олардың бірі – диалог, ал екіншісі – монолог. Бұларды диалогтық сөйлеу және монологтық сөйлеу деп те атайды.

Диалог – екі не оданда көп адамның сөйлесу барысында туындайтын әңгіменің мақсаты, әдетте, бір нәрсе жайында сұрап, оған жауап беруге, белгілі әрекетке түрткі болуға шақыру. Міне, осы себепті де байланыстыра сөйлеуге үйретуде әңгімелесу әдісі көп қолданылады. Диалог сұрау мен баяндау, баяндау мен мәжбүрлеу барысында түзіледі.

Ал, монолог мүлде басқаша. Ол, әдетте, кітаби стилге жатады. Себебі, монолог қоршаған ортаға әдейі әсер ету болып саналатын ойды жеңілдетіп сөздік формаға келтірген жүйе.

Сонымен монолог – бір адамның байланыстыра сөйлеген сөзі. Монологтың мақсаты – белгілі бір факт жөнінде баяндау.

Бір нәрсені суреттеу, баяндау кезінде бір нәрсе жөнінде пікір білдіруде тілдің монологтық формасы пайдаланады. Монолог нақты фактілер жөнінде хабарлайды, ал нақты фактілер бір-бірімен әрқашан мезгілдік немесе себеп-салдарлық байланыста болады. Мезгілдік байланыс немесе кезектесіп келуі мүмкін.

Балаларды байланыстыра сөйлеуге үйретудің мақсаты мен міндеті оларды дұрыс дыбыстауға, сөздерден сөйлем құрастыра білуге, сөз тіркестері мен сөйлемдерді мағынасына сай дұрыс байланыстырып әңгіме айта білуге үйрету болып табылады. Мектепке дейінгі кішкене балаларды байланыстыра сөйлеуге үйретуді ерте жастан бастап қолға алған жөн. «Қына тасқа бітеді, ақыл жасқа бітеді» деп дана халқымыз айтқандай әлі мектеп жасына толмаған балаларды есі толық жетілмеген, толыспаған деп салғырт қарамай, сол кезден бастап дұрыс, мағыналы, ең бастысы жүйелі сөйлеудің қаруымен жарактандырған жөн болады. Ал, олардың байланыстыра сөйлеу дағдысын жітілдіру тікелей ата-ана мен балабақша тәрбиесінің қолында. Ата-ана баламен